

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Ғұмарбек Дәукеев атындағы
**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
**АЛМАТИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ**
имени Гумарбека Даукеева
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

050013, г.Алматы, ул.Байтұрсынұлы, 126/1
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57
e-mail: aues@aues.kz

ХАТТАМА

« 15 » 02 2024 ж./г.

ПРОТОКОЛ

№ 2

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті базасында «Телекоммуникациялар, Инженерия және инженерлік іс (Ғарыштық техника және технологиялар)» және «Инженерия және инженерлік іс (Электр энергетикасы және жылу энергетикасы)» мамандарын даярлау бағыттары бойынша республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің (РОӘК ОӘБ - ЖБТ) оқу-әдістемелік бірлестігі – жобаларды басқару топтары отырысының хаттамасы

РОӘК ОӘБ - ЖБТ төрағасы – Мурат Канатович Сыздыков, АЭЖБУ ректоры;

РОӘК ОӘБ – ЖБТ төрағасының орынбасары – Айгуль Сапарбековна Саренова, АЭЖБУ академиялық жұмыс (АЖ) жөніндегі проректоры;

РОӘК ОӘБ - ЖБТ хатшысы – Асел Ануарқызы Ержан, АЭЖБУ «Телекоммуникациялық инженерия» кафедрасының доценті.

Қатысқандар: РОӘК ОӘБ - ЖБТ-ның 26 мүшесі

Қатыспағандар: РОӘК ОӘБ - ЖБТ 24 мүшесі.

Кворум бар (50 - ден 24-нің дауыс беруге құқығы бар).

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 29.01.2024 ж. ҚР ҒЖБМ ОӘБ хатын талқылау «Coursera платформасының 102 жергілікті курсының мазмұнын қарау» сұрағы бойынша Баяндамашы – А.С. Саренова, РОӘК ОӘБ – ЖБТ төрағасының орынбасары.

2. 20.12.2023 ж. ҚР ҒЖБМ ОӘБ хатын талқылау - 2.1 «ОӘБ мәртебесін арттыру және тиісті ҰПА қажетті өзгерістер енгізу тетігі бойынша тұжырымдамалық ұсыныстар жіберу» және 2.3 «Тізілімге енгізу үшін ОӘБ отырыстарында жаңа БББ талқылау жөніндегі мәселені пысықтау»

сұрақтарын қарастыру. *Баяндамашы – А.С. Саренова, РОӘК ОӘБ – ЖБТ төрағасының орынбасары.*

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының Жіктеушіне түзетулер енгізу туралы ұсыныс. *Баяндамашы – Э.А. Сериков, «Жылу энергетика» кафедрасының профессоры*

4. Әр түрлі.

ТЫҢДАЛДЫ: РОӘК ОӘБ – ЖБТ төрағасының орынбасары – Айгуль Сапарбековна Саренова, Ғұмарбек Даукеев атындағы АЭЖБУ-дің АЖ бойынша проректоры.

Кіріспе сөз сөйлеп қатысушыларды *РОӘК ОӘБ – ЖБТ* күн тәртібіндегі негізгі мәселелермен таныстырды.

1. «Coursera платформасының 102 жергілікті курсының мазмұнын қарау» сұрағы бойынша 29.01.2024 ж. ҚР ҒЖБМ ОӘБ хатын талқылау.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша Ғұмарбек Даукеев атындағы АЭЖБУ-дің АЖ бойынша проректоры А.С. Саренова Ғұмарбек Даукеев атындағы АЭЖБУ-ға біздің бағыттарымыз бойынша тек бір курс бойынша сұрау жіберілді – «Виртуал дәуірдегі коммуникация стратегиялары». Өздеріңіз білетіндей Coursera бұл басқа тілдерге аудармасы бар ағылшын тіліндегі курстар ұсынылатын платформа. ҚР ҒЖБМ курстарды оқшаулау және қазақ тіліне аудару туралы шешімді қабылдады. Қазақ тіліне 100-ден астам курс аударылды. Қазақстанның 25 жоғары оқу орнына қолжетімділік (доступ) берілді, бірақ, өкінішке орай, Ғұмарбек Даукеев атындағы АЭЖБУ бұл тізімге енбеді. Біз «Телекоммуникация» кадрларын даярлауды курстың мазмұны мен қазақ тіліне аудару сапасы бойынша бағыттау үшін "Виртуалды дәуірдегі коммуникация стратегиялары" курсы бойынша біздің РОӘК ОӘБ – ЖБТ-ден кері байланыс күтетін сұрау-хат алдық. Coursera-ға жалпы логин мен парольмен сынақ рұқсаты берілді, ол барлық мүшелерге жіберілді. «Виртуалды дәуірдегі коммуникация стратегиялары» курсын үйрене алдыңыздар ма деп сұрағым келеді? Және Сізде қандай кері байланыс бар? Жеке өзім көрсетілген курсқа бізге жіберілген логин мен парольмен кіре алмадым. Ғұмарбек Даукеев атындағы АЭЖБУ-да университет есебінен оқытушыларға арналған Coursera платформасына жылдық жазылымды сатып алу тәжірибесі бар, онда олар ағылшын тілінде курстар өтеді. Университеттің қазақ тіліндегі курстарға лицензиясы болмағандықтан, жеке аккаунт бойынша біз курстың мазмұнымен ағылшын және орыс тілдерінде таныстық. Бұл телекоммуникация туралы емес және біздің бағытқа ешқандай қатысы жоқ екені белгілі болды. Курс байланыс инженериясы мен технологиясымен байланысты емес, яғни ол «Телекоммуникация» бағытына келмейді. Осы хатқа сәйкес, біз жоғарыда аталған курсқа кері байланыс бере алмаймыз, өйткені қоғамдағы қарым-қатынас дағды ретінде (Soft skill). Сондықтан, мен

бұл курстың біздің РОӘК ОӘБ – ЖБТ бағытына қатысы жоқ деген жауап беруді ұсынамын.

Соған қарамастан, біз ҚазҰАУ-тен «Ауыл шаруашылығын энергиямен қамтамасыз ету» бағыты бойынша курс бойынша ұсыныстар алдық, кафедра бірқатар локализация курстарын ұсынады (қазақ тіліне аударма-1-қосымша). Курстарды енгізу бойынша кафедра келесі курстарды ұсынады:

1) Solar Energy and Electrical System Design <https://www.coursera.org/learn/solar-energy-and-electrical-system-design> және Renewable Energy Projects <https://www.coursera.org/learn/renewable-energy-projects> пәнге қосымша курс ретінде дәстүрлі емес және жаңартылатын энергия көздері

2) Physics 102 - Electric Charges and Fields <https://www.coursera.org/learn/physics-102-electric-charges-fields> пән ретінде - Физика.

3) Algebra: Elementary to Advanced - Equations & Inequalities <https://www.coursera.org/learn/algebra-i> пән ретінде - Математика 1.

4) Electric Power Systems <https://www.coursera.org/learn/electric-power-systems> пән ретінде - Қуатты электроника .

Муратбек Жанбатырович Исахановқа алғыс айтамыз. Сіздің ұсынысыңыз ҚР ҒЖБМ-нің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетіне жіберіледі.

Осы мәселе бойынша түсініктеме беруіңізді сұраймын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Курстарды енгізу бойынша ҚазҰАУ ұсынысын қабылдау.
2. ҚР ҒЖБМ-не «Виртуалды дәуірдегі коммуникация стратегиялары» курсы бойынша түсініктеме жолдау.

2. 20.12.2023 ж. ҚР ҒЖБМ ОӘБ хатын талқылау - 2.1 «ОӘБ мәртебесін арттыру және тиісті ҰПА қажетті өзгерістер енгізу тетігі бойынша тұжырымдамалық ұсыныстар жіберу» және 2.3 «Тізілімге енгізу үшін ОӘБ отырыстарында жаңа БББ талқылау жөніндегі мәселені пысықтау» сұрақтарын қарастыру. *Баяндамашы – А.С. Саренова, РОӘК ОӘБ – ЖБТ төрағасының орынбасары*

ТЫҢДАЛДЫ: РОӘК ОӘБ – ЖБТ төрағасының орынбасары А.С.Саренова: ҚР ҒЖБМ ұсынысы бойынша РОӘК ОӘБ – ЖБТ құрамын кеңейтті және жемісті бірлескен жұмыс жасаймыз деп үміттенеміз. Бұған дейін біздің РОӘК ОӘБ – ЖБТ-де 6 ЖОО мен 1 ұйымның өкілдері болған, құрамына 10 адам кірген. Бүгінгі таңда біздің РОӘК ОӘБ – ЖБТ 16 жоғары оқу орны мен 1 ұйымның өкілдері, 21-ден астам мүше бар. Сондай-ақ, ҚР ҒЖБМ оларды тізілімге енгізер алдында БББ талқылауды ұсынады. Әріптестер осы мәселені ескеруді сұраймын. Қазіргі уақытта РОӘК ОӘБ – ЖБТ мүшелерінен біз БББ қарастыру үшін нақты ұсыныстар алған жоқпыз,

бірақ *РОӘК ОӘБ – ЖБТ* БББ мазмұны бойынша ұсыныстар беруге құқығы бар екенін есте сақтаңыз. БББ қарау үшін жұмыс топтарын құру қажет.

Таштаев Еран Таштаевич Satbayev University-ден бакалавриат және магистратура бойынша «Ғарыштық техника және технологиялар» БББ бойынша ұсыныс түсті. Қазіргі уақытта бакалавриат ҒТЖТ БББ «Әуе-көлік технологияларына», ал осы мамандықтың магистратурасы «Ғарыштық инженерияға» жатады. Біз оларды бір БББ тобына ауыстыруды ұсындық, бір жыл өтті, бірақ олар бұл ақпаратқа әлі жауап алған жоқ. Біздің сұрауларымыз бен ұсыныстарымызға тиімді шешім мен уақтылы жауап алғымыз келеді. Калиева Назгуль Болатовна, PhD, әл-Фараби атындағы ҚҰУ-нің «Механика» кафедрасының доценті, «Ғарыштық техника және технологиялар» БББ бойынша ұсынысты қолдады және сөз сөйледі.

Осы ұсыныс бойынша біздің «Ғарыштық техника және технология» БББ бойынша *РОӘК ОӘБ – ЖБТ* ден бакалавриат пен магистратураны бір БББ тобына ауыстыру туралы жеке сұрау дайындауды ұсынамын.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. «Ғарыштық техника» БББ бойынша бакалавриат пен магистратураны бір БББТ-на ауыстыру туралы ұсыныс дайындау.

Дауыс беру нәтижесі: - 26, қарсы-жоқ, қалыс қалғандар-жоқ.

Қаулы бірауыздан қабылданды.

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеушіне түзетулер енгізу туралы ұсыныс.
Баяндамашы – Э.А. Сериков, «Теплоэнергетика» кафедрасының профессоры

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Ғұмарбек Дәукеев атындағы АЭЖБУ профессоры Э.А. Сериков: Қайырлы күн құрметті әріптестер! Мен біздің университеттің хабарламасын ұсынамын: біз *РОӘК ОӘБ – ЖБТ*-де қарастырылатын сұрақты ұсына аламыз деген қорытындыға келдік. 2018 жіктеушісі алдыңғы жылдардағы жіктеушілерден айтарлықтай ерекшеленеді. Ең алдымен, жаңа нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес "мамандарды даярлау" термині "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары" терминімен ауыстырылды, бұл тар бағыттар бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру түлектерін мамандандырылған даярлаудан бас тартуды болжайды (1-қосымша).

2018 жылдың жаңа Жіктеушіге 12 білім саласы бойынша жоғары білімі бар кадрларды (бакалаврларды) даярлаудың 57 бағыты кіреді.

2018 жылғы Жіктеушіде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары білім берудің халықаралық стандарттық сыныптамасы – ББХСЖ-2013 сәйкес жеті таңбалы цифрлық кодтармен ұсынылған. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласы (кодтың үшінші және төртінші белгісі) - 2018 Классификаторында

белгілі бір түрдегі «Білім саласы» (гуманитарлық, техникалық, жаратылыстану және т.б.) түсініледі.

Білім берудің әр саласында дайындық бағыттары белгілі бір жіктеу белгісі мен кәсіби қызмет түрлері бойынша топтастырылған (кодтың бесінші белгісі).

Жаңа Жіктеуші -2018 белгілі бір кемшіліктерсіз емес.

1. Біріншіден, тар мамандықтар бойынша оқудан бас тарту
2. Екіншіден, 2018 жылғы Жіктеушідегі дайындық бағыттарына кодтың тек бір (бесінші) цифры бөлінген.

3. Жекелеген білім салалары бойынша бағыттар саны рұқсат етілген 9 санынан асады.

4. 2009 жылғы Жіктеуіштен айырмашылығы, қолданыстағы Жіктеуіште кадрларды даярлаудың мамандануы (бейіні) туралы ақпарат жоқ.

5. Тағы бір елеулі кемшілік 2022-2023 ж.ж. қабылдау науқаны барысында анықталды.

2018 - Жіктеушіні түзету бойынша ұсыныстар:

1. 2009 жылғы Жіктеушіге ұқсас кадрларды даярлау бағыттарын сегіз таңбалы кодтауға көшу қажет.

2. Әрбір бағыт бойынша бейіндердің тізбесі ғылым және жоғары білім министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің (ҚР ҒЖБМ РОӘК ОӘБ – ЖБТ) ұсынымдары ескеріле отырып бекітілуге тиіс.

3. Бакалавриат деңгейінде білім беру бағдарламаларының екі түрі іске асырылатынын ескеру қажет:

-толық (4 жылдық) оқу циклына – мектеп түлектері үшін;
- оқу ұзақтығы қысқартылған-жоғары колледждер (ТиПО жүйесі) және қолданбалы бакалавриат түлектері үшін.

4. Магистратура деңгейінде әртүрлі оқу мерзімдері бар бағыттардың болуын ескеру қажет.

5. Докторантураға қатысты оны ғылыми-педагогикалық және бейіндік деп бөлуден бас тарту қажет.

СҰРАҚ: Игорь Пушкин-PhD ғылыми дәреже емес пе? Неліктен академиялық кеңес беріледі?

ЖАУАБЫ: Сериков Э.А.: Ұзақ уақыт бойы біз үш деңгейлі кадрларды даярлау жүйесінде бакалавр, магистр және доктор академиялық дәрежелер беріледі деп сендік. Содан кейін біз академиялық сөзді алып тастауды шештік, енді тек дәреже береміз бакалавр, магистр және доктор. Менің ойымша, бұл дұрыс емес, өйткені көп деңгейлі білім беру жүйесіне көшу біз білім беру жүйесінің академиялық құрамдас бөлігін күшейтіп, кәсіби бөлікке аз көңіл бөлетінімізді білдіреді. ББҚ және БҚ циклінің үлесі ПҚ-мен салыстырғанда едәуір өсті, сондықтан магистр дәрежесін беру мүмкін емес. Көбіне жалпы теориялық дайындықпен айналысқан адамға. Докторантура мен доктор атағына қатысты талқылау жүріп жатыр, барлығы PhD деңгейі бойынша желілік білім беру жүйесінің докторы ғылыми атағынан төмен екенін түсінеді. Сондықтан PhD докторы атағына толық сәйкес келмейтінін түсініп, біз американдық білім беру жүйесіне ұқсас докторантура туралы

